

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мен интернат үйіне бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 388 қаулысы. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 тамызда 6-5-146 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 1 наурыздағы № 111 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 01.03.2019 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес, Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қордай ауданындағы кейбір кәсіпорындарда және мекемелерінде қылмыстық – атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Еркін Құлымбайұлы Үйсімбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қордай ауданының әкімі

Б. Байтөле

Қордай ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 31 шілдесіндегі
№ 388 қаулысына қосымша

Қордай ауданындағы кейбір кәсіпорындар мен мекемелерде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мен интернат үйін бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілейтін кәсіпорындар мен мекемелердің тізімі

--	--	--	--

